

#КүшімізБірлікте

Біздің ортақ
мақсатымыз – заң мен
тәртіп үстемдік
құратын, азаматтардың
құқығына лайықты
құрмет көрсетілетін
әділетті Қазақстан құру.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ӨЗГЕРІСТЕР УАҚЫТЫ КЕЛДІ

ТАНЫМ



СҰЛТАН БЕЙБАРЫС – ҰЛЫ ДАЛА АЙБАРЫ

БАСПАСӨЗ – 2023



ХАЛЫҚҚА ҚАЖЕТ ГАЗЕТ

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

31.01.2023

Түнде:



-7-9 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

1.02.2023

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашын (көбінесе жаңбыр).



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №15-16 (6309) 31 қаңтар, сейсенбі, 2023 жыл.

V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ФОРУМ

DIGITAL ALMATY 2023

Алматыға ЕАЭО елдерінің үкімет басшылары келеді



2023 жылғы 2-3 ақпанда Алматыда Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың қатысуымен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысы және «Digital Almaty 2023: жаңа шындықтағы цифрлық әріптестік» цифрландыру жөніндегі халықаралық форум өтеді.


Жиынға Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей үкіметтерінің басшылары және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы қатысады. Сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық комиссияның жанындағы байқаушы мемлекеттердің өкілдері, ТМД Бас хатшысы және Еуразиялық даму банкі мен Еуразиялық тұрақтандыру және даму қорының басшылары келмек.

Digital Almaty – бұл цифрлық күн тәртібін, цифрлық трансформацияның жаңа стратегияларын және цифрлық технологиялар саласындағы трендтерді талқылауға арналған дәстүрлі диалог алаңы. Форум 2018 жылдан бастап бесінші рет өткізіліп келеді. Іс-шараны ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі, Tech Garden және Astana Hub ұйымдастырады.

ТУРИЗМ

АЛЫП МЕГАПОЛИС

Алматы туристердің рекордтық
санын қабылдады



Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов туризм мәселелері жөніндегі кеңейтілген алқа отырысында Алматы қаласының туристік әлеуеті туралы бірқатар тың деректер айтты. «Әрбір 4-ші турист Алматы қаласына барады. Өткен жылы оңтүстік астана туристердің рекордтық санын жаңартып, 1,2 миллионнан астам қонақты қабылдады», – деп атап өтті А.Оралов.

ҚЫСҚА...

- Президент Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шипиловты қабылдады.
- Бүгін Үкімет үйінде Қазақстан Үкіметінің отырысы өтеді.
- 2-3 ақпанда Алматыда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің кезекті отырысы өтеді.
- Елімізде су тасқынына дайындық жөніндегі үкіметтік комиссия құрылды.
- 5,5 мың шетелдік көлік заңдастырылып, қазақстандық нөмір берілді.
- Астана–Бейжің және Алматы–Бейжің арасындағы әуе рейстерінің жиілігі сәйкесінше аптасына 3 және 5 рейске дейін ұзарады.
- 3 наурыздан бастап қарызы бар азаматтар банкроттыққа өтініш бере алады.
- 1500 әскери міндеттілерді әскери жиындарға шақыру жоспарлануда.
- Қазақ ғалымы Сәрсенбек Монтаев әлемнің ең үздік ғалымы World's Top 2% Scientists рейтингіне енді.
- Алматыда Ауғанстандағы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мәселелері талқыланды.
- Қазақстанда жемқорлыққа қарсы университет бағдарламасы қабылданады.
- Ипотекалық несие: 6,5 мың қарыз алушы банкроттық рәсімін пайдалана алады.
- Жасанды интеллект зертханасы ашылды.
- Киіктерді тәлімбақта зерттеуге 750 млн теңге бөлінеді.

www.almaty-akshamy.kz



4



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Жоғары сот кеңесінің төрағасы Денис Шипилов қабылдады.

Президентке Жоғары сот кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының жай-күйі және оның тапсырмаларының іске асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Жоғары сот кеңесі төрағасының айтуынша, судьялар корпусының құрамын қайта жаңарту мақсатында қабылданған шаралардың нәтижесінде былтыр судьялық қызметке ұсынылған адамдардың саны сот жүйесінен кеткен судьялардың санынан асып түскен.

Мемлекет басшысының сот жүйесіне нақты сала мамандарын тарту жөнінде берген тапсырмасын орындау үшін алғаш рет жекелеген құқық салаларындағы заңгерлер арасында конкурс өткізілді. Конкурс жеңімпаздары аудандық деңгейді айналып өтіп, бірден облыстық соттың судьялары бола алады.

Бұдан бөлек, Президентке Кеңесті институционалды тұрғыда нығайтуға және оның құзыретіне соттардың кадрлық мәселелерін беруге, сондай-ақ судьялардың тәртіптік жауапкершілігі институтын жетілдіруге бағытталған жоспар туралы баяндалды. Сонымен қатар, судьяларды іріктеу ісін жетілдіру және оның ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады. Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма беріп, сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

■ СЕНАТ

Маулен Әшімбаев Палата Бюросының отырысын өткізді. Онда 2023 жылғы 2 ақпанда өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Сенаттың Баспасөз қызметі хабарлағандай, алдағы Палата отырысында сенаторлар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған бірнеше заңды қарайды. Солардың бірі «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң. Бұл құжат екіжақты уағдаластықтарды жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту ісінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар, сенаторлар алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек даулары мен жанжалдарын шешу тәртібін оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Ол еліміздің еңбек дауларын реттеу және келіссөздер процестерін ұйымдастыру мәселелеріне қатысты заңнамасын жетілдіруді көздейді.

■ ҮКІМЕТ

Қазақстан Үкіметінің Баспасөз орталығы хабарлағандай, Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Инвестициялық штабтың отырысын өткізді.

Жиында негізгі капиталға және тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша өткен жылғы жұмыс қорытындылары, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған міндеттер қаралды. Орталық мемлекеттік органдар арасында жылдық жоспарды Ғылым және жоғары білім, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрліктері орындады. Ең төмен көрсеткіштер Экология және табиғи ресурстар мен Мәдениет және спорт министрліктеріне тиесілі.

Өңірлер арасында Ұлытау, Атырау және Жамбыл облыстары аутсайдер болып отыр. Нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің негізгі себептері – жер учаскелері мен техникалық шарттарды беру рәсімдерінің созылып кетуі, қажетті инфрақұрылымның дайын болмауы, сондай-ақ геосаяси ахуалдың күрделенуі. Әлихан Смайылов инвестиция тартуда көш соңында қалған облыс әкімдіктерінің жұмысын сынға алды. 2023 жылы экономикаға кемінде \$24,4 млрд шетелдік инвестиция тарту міндеті тұрғанын, ол үшін Үкімет тарапынан барлық қажетті жағдайлар жасалғанын атап өтті.

■ КОМИССИЯ

Қазақстанда Су тасқынына дайындық жөніндегі үкіметтік комиссия құрылды.

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкіметтің цифрлық кеңсесінде өткен кеңесте су тасқыны кезеңіне дайындық бойынша жедел шаралар қабылдау мәселесі қаралды. Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин «Қазгидрометтің» болжамы бойынша республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында 31 қаңтар мен 4 ақпан аралығында қар араласқан қатты жауын-шашын болып, температура көтерілетінін хабарлады. Оның айтуынша, қалың қардың еруінен су жиналып, бұл өз кезегінде мұздың күрт еруі мен өзендерде су деңгейінің көтерілуіне әкеп соғуы мүмкін. Осыған байланысты Алматы, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл және Жетісу облыстарына 30 қаңтардан бастап азаматтық қорғау бөлімшелерінің жұмысын күшейту тапсырылды. Премьер-Министр өңірлердің әкімдіктері ТЖМ-мен бірлесіп, қажетті шұғыл шаралардың барлығын қабылдауы қажет екенін атап өтті. «Қазір бізге су тасқынына дайындық шараларын күшейту керек. Ауа райының күрт жылынуынан тасқын қаупі туындап отырғанын көріп отырмыз. Бұл бағытта тиісті іс-шараларды жедел үйлестіру үшін Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склиар бастаған арнайы Үкіметтік комиссия жұмысын бастайды», – деді Әлихан Смайылов.

■ КЕҢЕС

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің, әкімдіктердің өкілдері өңірлердегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ӘМАТ) бағаның өсуін тежеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берді.

Сауда комитетінің мәліметінше, бағаны ұстап тұру жөніндегі өңірлік комиссиялар басы артық делдалдарды анықтауда нақты нәтижелер көрсете бастады. «Маусымаралық кезеңде көкөніс бағасы әр өңірде тұрақты болуы керек, белгіленген көрсеткіштерден (сатып алу бағасы, тасымалдау шығындары, сақтау және саудаға төленетін үстемелер) айырмашылығы болмауы керек. Біз форвард арқылы ерте піскен көкөністі сатып алу схемасын бекіттік, бірақ оны өңірлердің барлығы бірдей ұстанбайды, айналым схемалары арқылы жалғастыруда. Сауда комитетіне форвардтық сатып алу және «айналым схемалары» арқылы көкөніс сатып алу бағалары бойынша барлық өңірлерді тексеріп, бағаларға талдау жасауды тапсырамын. Оның нәтижелері бойынша шешім қабылдайтын боламыз», – деп түйіндеді Серік Жұманғарин.

(Дереккөздер: akorda.kz; primeminister.kz; Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі).

■ БАЙҚАУ

«НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ – 2023»

Алматыда Наурыз мерекесіне орай қаланың көрнекі безендірілуінің үздік дизайнына конкурс жарияланды

Алматы қаласы Мәдениет басқармасы «Наурыз мейрамы – 2023» арналған ең үздік визуалды безендіру дизайнына конкурс жариялады.

Байқауға қатысу үшін қаланы билбордтармен безендіру бойынша түпнұсқа тұжырымдамасын әзірлеу және оны альбом түрінде ұсыну қажет: альбом стилистика, түс схемасын және билбордтардың дизайнын қамтуы керек.

Жұмыстар көлемі 20 Мб-тан аспайтын PDF форматында қабылданады, бастапқы файл CorelDraw (қисық) бағдарлама-сында жасалуы керек.

Өтінімдерді қабылдау 31 қаңтардан басталып, 20 ақпанға дейін жалғасады. Үздік жұмысты 21 ақпанда Дизайнерлер одағының, Суретшілер одағының, Алматы қаласының Жоспарлау және урбанистика басқармасының, сондай-ақ Мәдениет басқармасының өкілдері кіретін жұмыс ко-



миссиясының мүшелері таңдайды.

Байқау нәтижелері Алматы қаласы Мәдениет басқармасының ресми сайтында жарияланады.

Ең үздік дизайн қаланың жарнама алаңдарында орналастырылады.

1-орын үшін жүлде қоры – 1 миллион теңге;

2-орын үшін – 500 000 теңге;

3-орын үшін – 300 000 теңге.


Ұсыныстар альбом түрінде almatymadeniet02@gmail.com электронды поштасына жіберілуі керек.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ФОРУМ

DIGITAL ALMATY 2023

Алматыға ЕАЭО елдерінің үкімет басшылары келеді



(Басы 1-бетте)

Форумның басты тақырыбы инновациялық технологиялар индустриясын дамытудың заманауи жаһандық сын-қатерлері болмақ. Форумның іскерлік бағдарламасы 20 панельдік сессиядан тұрады, онда 150-ден астам спикерлер – халықаралық және Қазақстандық IT-қоғамдастық өкілдері сөз сөйлейді. Digital Almaty форумына әлемнің 30 елінен 15 мыңнан астам адам қатысады деп күтілуде.

Digital Almaty форумының панельдік сессияларында оған қатысушылар өнеркәсіп салаларының автоматтандырудан цифрландыруға үдемелі көшуін, цифрлық майнинг перспективаларын, роботтандыруды қолдану салаларын, Еуразиялық өңірде IT-саланы дамытуды талқылайды.

Digital Almaty пленарлық отырысына Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) қатысушы елдердің үкімет басшылары қатысады. ЕАЭО елдері премьер-министрлерінің қатысуымен пленарлық сессияда талқылаудың негізгі тақырыбы тұрақты цифрлық инфрақұрылымды және телекоммуникациялардағы жаңа технологияларды дамыту болады. Спикерлер GovTech және FinTech даму перспективалары туралы әңгімелейді, сондай-ақ өңірде IT бизнесті одан әрі дамыту туралы көзқарасымен бөліседі.

Форумда ел технопарктерінің, халықаралық вендорлардың және венчурлік қорлардың көрмелері ұйымдастырылады. Көрме аймақтары Индустрия 4.0. және Innovation Center индустриялық өнеркәсіптегі инновациялар мен үздік IT әзірлемелерді

көрсетеді. Сонымен қатар, FinTech, Smart City, EdTech, GameDev, IoT, 5G, SaaS, Blockchain, Big Data, MedTech, Logistic&Travel және т.б. салалардағы жобалар көрмесін қоса алғанда, 100 жаңа жоба ұсынылатын стартаптар аллеясы да бар. IT-саланың жетекші өкілдерінің қатысуымен технологиялық марафон, воркшоп ұйымдастырылады, жоғары оқу орындарының және бос орындардың жәрменкелері өткізіледі.

Дәстүр бойынша форум алаңында ASTANA HUB BATTLE технологиялық марафоны – үздік IT-стартап үшін шайқас өтеді. Шайқастың жүлде қоры – \$18 000. Форумға almatydigital.kz. сайтында тіркелу арқылы қатысуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТЕРМИНАЛ

АЛМАТЫ ӘУЕЖАЙЫ

халықаралық терминал құрылысы келесі жылы аяқталады



Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалының құрылысы 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында аяқталады. Бұл туралы Азаматтық авиация комитетінің баспасөз қызметі хабарлады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ИИДМ басшысы Марат Қарабаев «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ президенті Алп Ер Тунга Ерсоймен кездесу өткізді. Кездесу барысында әуежай басшылығы Алматы қаласы әуежайының жаңа халықаралық терминалын салу жөніндегі ірі жобаның іске асырылуы туралы баяндады.

Кездесуге қатысушылар қызметтің негізгі бағыттары мен жобаларды іске асыру кезеңдері бөлігінде әуежайды перспективалы дамыту бойынша жұмыстың негізгі аспектілерін талқылады.

Бүгінгі таңда әуежай дамуының оң динамикасы және жолаушылар ағынының өсуі байқалады (2022 жылы әуежай 7 млн қызмет көрсетілген жолаушы белгісін еңсерді).

Айта кету керек, жобаны іске асыру бекітілген кестеге сәйкес жалғасуда және Мемлекет басшысының бақылауында. Жобаны аяқтаудың жоспарланған мерзімі – 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында. Жаңа терминалдың құрылысы жолаушылар ағынын айтарлықтай арттыруға, ұшу географиясын кеңейтуге, мегаполистің тұрғындары мен қонақтарын жайлылықтың жоғары деңгейімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Министр әуежайдағы қызметтер мен сервисті жақсарту үшін барлық қажетті шараларды қабылдауды және жолаушылардың шағымдарына дереу ден қоюды тапсырды.

Өз кезегінде тараптар Алматы қаласының әуежайын одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерін салуға келісті.

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЕЛІМІЗДЕ «суперЦОНдар»

ПАЙДА БОЛАДЫ

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиын барысында Бағдат Мусин 2022 жылғы жұмысты қорытындылап, одан кейін 2023 жылға арналған жоспарлар туралы айтты.

Министрдің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда проактивті қызметтер енгізіліп жатыр, олардың жалпы саны 40-қа жеткен.

Проактивті тәсіл – «Invisible Government» тұжырымдамасын іске асыру кезеңдерінің бірі болып саналады. Ол дегеніміз, азамат үшінші тұлғалардың қатысуынсыз өмірдің барлық кезеңдерінде мемлекетпен өзара іс-қимыл жасай алады.

«Біздің стратегиялық міндетіміз – әрбір өмірлік жағдайды талдау, азаматтың нені бастан өткеретінін түсінуге, кедергілерді жою және бәрін ыңғайлы әрі түсінікті процеске көшіру. Ол үшін фокустар жиналып, нақты мемлекеттік органдар, CDO және т.б. ұйымдар тартылатын болады. Бизнес-процестерді қайта қарағаннан кейін оларды проактивті қызметтерге барынша ауыстыру жоспарлануда», – деді Бағдат Мусин.

Сондай-ақ, министр ХҚКО-ның сервистік қызметтерін оңтайландыру бойынша жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті.



«Қазір Қазақстанда 324 орталық бар, өткен жылы 14-і жаңғыртылды, биыл тағы 50-ін жаңарту жұмысы жоспарланатын отыр. Таяу болашақта елімізде барлық ұйымдар орналасқан және қазақстандықтар мемлекетпен өзара іс-қимыл

жасай алатын және қызметтерді бір жерден ала алатын азаматтарға ыңғайлы және сапалы қызмет көрсетуге арналған бірыңғай кеңістік – «суперЦОНдар» пайда болады», – деді ол.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖОЛАУШЫЛАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ–ӨСКЕМЕН

тасжолының бір бөлігі жабылды



«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясының хабарлауынша, Абай өңірінде боран салдарынан көрінудің нашарлауына байланысты республикалық маңызы бар жолдардың бір бөлігі – Алматы–Өскемен тасжолының бір бөлігі жабылды. Сондай-ақ, жүк көліктері үшін қозғалысқа шектеу енгізілді.

«Алматы–Өскемен тасжолының Аягөз қаласынан Қалбатау ауылына дейінгі аралығында тіркемелі және жартылай тіркемесі бар жүк көліктері үшін қозғалысқа шектеу енгізілді. Штаттан тыс жағдай туындаса, 1403 байланыс орталығына қоңырау шалу қажет», деп жазды ведомстводан.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Жиырма жылда қала аумағы екі еседен астам, яғни **33 898 ГЕКТАРДАН 70 348 ГЕКТАРҒА** ұлғайды, ал Алматы халқының саны **2,1 миллион** адамға дейін өсті



2040 жылға дейін Алматы халқын баспанамен қамтамасыз ету үшін **45,6 МИЛЛИОН** шаршы метр тұрғын үй салу қажет



Алматының Индустриалды аймағында **238,6 МЛРД ТЕҢГЕ** сомасындағы 64 жобасы бар 63 компания тіркелген



Алматыда 2025 жылға дейін **65 000** жұмыс орны құрылады



2025 ЖЫЛҒА дейін қаланың батыс бөлігі, яғни Наурызбай ауданы толық орталықтандырылған ауызсу жүйесімен қамтылады



Жетісу ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына **3000-ҒА ЖУЫҚ** қария тіркелген



ТУРИЗМ

АЛЫП МЕГАПОЛИС

Алматы туристердің рекордтық санын қабылдады

Досбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, ол өткен жылы елімізге келген шетелдік туристер саны 3 есе өскенін хабарлады. 2022 жылы шетелдік туристердің

жалпы саны 610 мың адамға жеткен. Ал туристік демалыс орындары иелерінің пайдасы 160 млрд теңгені құраған. Оның ішінде туризммен пайда табатын Алматы кәсіпкерлерінің пайдасы 2 есе өскен.

Алқа отырысында еліміздің тау-шаңғы курорттарына келген туристер саны 1,5 миллионға

дейін өскені айтылды. Енді Мәдениет және спорт министрлігі жұмыс істеп тұрған нысандарға шамадан тыс жүктемелерді азайту үшін жаңа нысандарды ашуға бастамашы болады.

«Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған курорттарда артық жүктеме байқалуда. Мысалы, «Шымбұлақ» курортында мереке және демалыс кездері өте ауыр жүктеме – күніне 12,5 мың адамды құрайды, ал оңтайлы жүктеме күніне 6 мың адамды құрайды. Осыған байланысты Қазақстанда тау-шаңғы туризмінің жаңа нысандарын ашуымыз керек. Мемлекет басшысы Алматы қаласының жұртшылығымен кездесуде тау-кен кластерін кешенді дамыту қажеттігін атап өткен болатын. Сондықтан курорттарды аспалы жолдармен бір экожүйеге қосу, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған объектілерді кеңейту қажеттілігі туындайды. Біз инвесторларға түрлі жеңілдік ұсынып, аспалы жолдарды, ратрактар мен қар ататын зеңбіректерге кеткен шығынның 25%-ға дейінгі көлемін өтеуге ниеттіміз. Сонымен қатар, тау-шаңғы курорттарын қажетті қармен жабдықтаудың тұтас жүйесіне де осындай өтеу тетігін қарастыру жоспарланып отыр», – деді Асхат Оралов.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Шымбұлақ тау-шаңғы курортында өрттен зардап шеккен инфрақұрылым қайта қалпына келтіріледі. Бұл туралы тау-шаңғы курортының қызметкерлері Шымбұлақ ТШК сайтында жазды.

КӨП ҰЗАМАЙ
ЖАҢАРАДЫҚұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Бей-жай қалмай, қолдау мақсатында ақ тілек білдірген жанардың барлығына шын жүректен алғыс айтамыз! Біз үшін бұл өте құнды. Ең бастысы – адамдар зардап шекпеді. Инфрақұрылымды біз міндетті түрде қалпына келтіреміз», – деп хабарлады Шымбұлақ ТШК ұжымы. Сондай-ақ, олар «Комби-2» аспалы жолы қашан іске қосылатыны белгісіз екенін хабарлады. Себебі, ең алдымен өрттің аспалы жолдың маңызды техникалық құрамдас бөліктеріне әсер етпегенін анықтап алу керек екен.

Еске сала кетсек, 29 қаңтар күні таңғы сағат 5.30-дар шама-сында 101 пультіне Медеу ауданындағы тауда орналасқан (биіктігі 3200 м «Шымбұлақ» ТКШ артындағы «Облака» атты үш қабатты ресторбар) мейрамхана өртенген болатын. Сол себепті, «Комби-2» аспалы жолының жұмысы тоқтатылған-ды. Сағат 8.05-те қызыл жалынның бетін қайтарып, сағат 8.30-да сөндірілді. Аумағы 800 шаршы метрді шарпыған тілсіз жауды тоқтату суды қарға айналдыратын қар генераторларының екі желісінен жүргізілді. Қаза тапқандар мен зардап шеккендер болған жоқ. Бүгінде өрттің шығу себебі анықталып жатыр.

ЖИЫН



Алматыда экономикалық аймақтарды дамыту мәселелері бойынша кеңес өтті.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ
АЙМАҚ: ӨСІМ БАР!Досбол
АТАЖАН

Кеңеске ҚР Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп, ҚР Парламенті Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Сұлтанбек Мәкежанов және тағы басқалар қатысты.

Кездесу барысында Алматы қаласы «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының өнеркәсіптік әлеуетін дамыту мәселелері талқыланды. Онда бүгінгі күні 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, 50,7 млрд теңге инвестиция тартылған және бюджетке түсетін 34,7 млрд теңге сомасына салық және басқа да төлемдер төленді. Сонымен қатар, 493,7 млрд теңге сомасына өнім өндірілді және қызмет көрсетілді.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының хабарлауынша, 2022 жылы Арнайы экономикалық аймақтың компанияларымен 830 жұмыс орны құрылды, 8,9 млрд теңге

инвестиция тартылды, бюджетке түсетін 5,7 млрд теңге сомасында салық және басқа да төлемдер төленді, 95,5 млрд теңге сомасына өнім өндірілді және қызмет көрсетілді. Арнайы экономикалық аймақтың әрі қарайғы даму келешегі фармацевтика, медициналық бұйымдар, техника, электроника және аспап құрастыру секілді бағыттарда кластерлік дамуды, ғылыми білім беру мекемелерін құруды көздейді.

Өз кезегінде, Алматы Индустриалды аймағында бүгінде 6,8-ден астам жұмыс орны құрыла отырып, 238,6 млрд теңге сомасындағы 64 жобасы бар 63 компания тіркелген. 2023 жылы 10 жобаны, оның ішінде 5 шағын өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарланып отыр. Жобаның жалпы құны 989 жаңа жұмыс орындарын құра отырып, 13,65 млрд теңгені құрайды. 2025 жылға қарай Индустриалды аймақта тағы да 27 жобаны, оның ішінде 2,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құра отырып, 100,5 млрд теңге жалпы сомасындағы 6 шағын өнеркәсіптік паркті іске қосу жоспарланып отыр.

ЖАҢҒЫРТУ

ЗАМАНАУИ ОРТАЛЫҚҚА
АЙНАЛАДЫ

Түркісіб ауданындағы «Алматы-1» базарын жаңғырту жоспарланып отыр.

Дос
ОРЫНБЕКҰЛЫ

Сауда базарын модернизациялау қажеттілігі бұрыннан туындап келе жатқан мәселе. Әкімдікке тұрғындар мен саудагерлерден сауда алаңында қолайлы жағдайдың жоқтығы туралы бірнеше рет шағымдар келіп түскен.

«Біз базар басшылығымен келіссөздер жүргізіп, оның барысында базар аймағын қайта құру



қажеттігі туралы келісімге келді. Жоба бойынша базар кеңістігін жаңартумен қатар, айналадағы аумақтарды жаулап алған стихиялық сауда мәселесі де шешілуі тиіс. Сондай-ақ, айтылған өзгерістер қосымша жұмыс орындарын ашуға және еңбек жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретінін айта кету керек. Аумақ-

ты абаттандыру және оның эстетикалық келбетін келтіру де жоспарлануда», – деп хабарлады Түркісіб ауданының баспасөз қызметі.

Базар басшылығының айтуынша, жұмысты кезең-кезеңмен жаңғырту биылдан басталады. Қазіргі уақытта жобалау жұмыстары аяқталып жатыр.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫС

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ»

орталығы ардагер қариялар мен зейнеткерлердің жиі бас қосатын орны

2019 жылы қарашада Жетісу ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ашылуына қалалық Әлауқат басқармасы мен «Зиялылар» қоғамдық қоры тікелей мұрындық болған еді. Сол күннен бастап аудандағы ардагер қариялар мен зейнеткерлердің жиі бас қосатын орнына айналған орталықтың жұмысы қазіргі кезде тіпті жандана түскен. Қазіргі таңда Жетісу ауданына қарасты «Айнабұлақ-2», «Кемел» ықшамауданының Мәдениет үйінде де осы орталықтың жұмысы жалғасып жатыр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Орталыққа тіркеліп, тұрақты қатысып келе жатқан қариялардың қатары қазіргі кезде үш мыңға жуықтап қалған. Бүгін бір қария келсе, келесі күні көршісін, сосын танысын ертіп келеді.

Осылайша күн сайын 150–180 адам тегін қызметтің бірнеше түрін пайдаланып жатыр. Жалпы, бұл орталықтағы қызметтердің негізгі түрлері танертеңгі 9.00-ден бастап, кешкі 17.00-ге дейін көрсетіледі. Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызының айтуынша, аудан қарияларының әр

күні тиімді өтіп жатқан көрінеді.

– Қарияларымыз өмір бойы еткен еңбектерінің зейнетін қазір көріп жатыр. Қадірменді қарияларымыздың барлығы да осынау құрмет пен қошеметке лайықты. Қазіргі кезде қарияларымыз саалауатты өмір салтын қалыптастырумен қатар, идеяға толы жаңаша іс-әрекеттерін де жүзеге асыра бастады, – дейді Тамара Шәкірова. Жалпы, қазіргі ақпарат заманында зейнеткерлеріміз жан-жақты, әлеуметтік желілерді де меңгеріп алған. Қоғамдық жұмысқа да, қала өміріне де белсене атсалысып жүреді. Орталық ашылған кезде небәрі 10 адам ғана келген болса, бүгінде белсенді қариялардың қатары барынша арта түскен.



МӘСЛИХАТ

42 ДЕПУТАТ САЙЛАНАДЫ

Алматы қалалық сайлау комиссиясынан хабарлағандай, қалалық мәслихатқа 42 депутат сайланады. Оның 21-і бір мандаттық аумақтық сайлау округтерінен, 21-і партиялық тізім бойынша дауыс жинайды.



«Кандидаттарды ұсыну жұмыстары 20 қаңтарда басталды. 8 ақпан күні жергілікті уақыт бойынша сағат 18.00-де аяқталады», – деп хабарлады Қалалық сайлау комиссиясынан.

Естеріңізде болса, бұған дейін Жанна Асанова Алматы қаласынан Сенат депутаты болып сайланған еді.

19 қаңтарда Мемлекет басшысы 7-сайланған ҚР Парламентінің Мәжілісін тарату және ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы Жарлыққа қол қойған болатын.

Мәжіліс депутаттарын кезектен тыс сайлау 19 наурызға белгіленді. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттардың өкілеттігін тоқтату туралы Жарлыққа қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы мәлімдеме жасады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОЙ. ПІКІР. ҰСЫНЫС

Ғалым ҚАЛИБЕКҰЛЫ,
ақын:

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ЖАСТАР КЕРЕК



Халықтың сөзін сөйлеу керек, мұңын мұңдап, жоғын жоқтау керек. Сондай азаматтардың келгенін, сайланғанын қалар едік және олардан біз көп үміт күтеміз.

Баяғыдай бұқпан-тайлап жүрудің түк те керегі жоқ. Бізге озық ойлы, өз пікірін айта-тын азаматтар, мықты жастар керек деп ойлаймын.



САЙЛАУ – 2023

Хангелді ӘБЖАНОВ,
тарих ғылымының кандидаты, профессор:

ӨЗГЕРІСТЕР УАҚЫТЫ КЕЛДІ

Сайлауға жаңа партиялар, жаңа адамдар да қатысады, жаңа тұлғалар шығады деп ойлаймын. Қазақстанда әділ, халық үніне құлақ қоятын саяси жүйе қалыптасқаны жөн. Бізге нақты іс қажет. Нақты нәтиже керек. Нақты мәселелер шешілуі тиіс. Меніңше, келе жатқан жаңа сайлау, жаңа Мәжілістің қалыптасуы, осыған қолғабыс тигізеді.

Шәкәрім «Қозғалыс, қозғалысқа керек қолғабыс» деп айтқан ғой. Реформа дегеніміз – қозғалыс. Соған қолғабыс болатын жаңа Парламент Мәжілісі сайлануы керек. Онсыз бір орында тоқырап қаламыз. Жаңа есімдер шықпаса, жаңа идеяға да ие бола алмай қаламыз. Өзгерістер уақыты келді.



Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры:

ПАРЛАМЕНТТІҢ ЖАҢАША АҒЫСЫ



Жаңа Парламенттің сайлау жүйесінің өзі жаңаша болып отыр. Әсіресе, оның 70 пайызы бұрынғы партиялық тізіммен сайланатын болса, 30 пайызы бір мандатты округтер арқылы сайланады. Осы бір мандатты округтерге үміт өте зор. Орталықтан-дырылған жүйені аймақтардың мүддесімен біріктіру керек.

Аймақтарда жаңа күштер бар. Солар аймақтардың мәселесін, экономикасын өркендету, халықтың жағдайын жасау, солардың үнін көтеретін, солардың жанайқайын білдіретін жаңа депутаттар келетін болса, Парламенттің жаңаша ағысы болып қалыптасады деп ойлаймын.

Шынар БАҚЫТЖАН,
Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері:

МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫНА ЖАУАПКЕРШІЛІК

Биыл 19 наурызда ҚР Парламентінің Мәжілісіне сайлау өтеді. Осы жолғы сайлауда біршама ерекшеліктер бар. Естеріңізде болса, өткен сайлауда елдің бас қалаларында «Әділ сайлау үшін!» ұранымен бірнеше наразылықтар өткен болатын. Нәтижесінде осы жылдың маусым айындағы референдум барысында енгізілген түзетулерге сәйкес, билік парламенттік сайлаудың пропорционалды-мажоритарлы аралас жүйесіне және аймақтар бойынша бір мандатты тікелей сайлауға жол ашып, жалпы сайлау

заңнамасын реформалауға кіріскен еді.

Осы орайда жаңа партияларды тіркеу рәсімі жеңілдетіліп, ал Президент ешбір партияның басшысы бола алмайтын болды. Бұл ретте қазақстандықтарға депутаттық мандатты сайлау ғана емес, кері қайтарып алу құқығы да берілген болатын. Яғни депутат өзі сайланған аймақтың дауыс берушілерінің үмітін ақтамаса немесе өз міндеттерін орындай алмаса, сайлаушылар белгілі бір уақыттан кейін депутаттың орнын босатуын талап ете алады.



Бірақ бұл сайлау – қоғам үшін мемлекет болашағына жауапкершілік алып, қоғамның саяси санасының есеюіне нақты мүмкіндік береді. Ең маңыздысы – сайлау құқығы. Тек саған арналған, жеке-дара бюллетенің бар. Соны қолданайық. Себебі, дауыс беру – бұл тек белгілі бір кандидат пен партияны таңдау емес, сонымен қатар демократияны таңдау.

Бетгі әзірлегендер
Досбол АТАЖАН,
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ҰБТ

ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТ

тапсырмаларының құрылымында
да өзгерістер бар

Сонау 2004 жылы қолданысқа енген Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы осы уақытқа дейін сан түрлі өзгеріске ұшырады. Аталмыш сынақтың сансыз өзгеріске ұшырап отыруына білім жүйесіндегі жаңалықтар мен өзгерістер де өз әсерін тигізіп жатыр. Сонымен қатар, биылғы жылы да ҰБТ-да бірқатар өзгерістер бар көрінеді.



«Қазақстан тарихы» пәнінің сұрақтары беске көбейіп, керісінше оқу сауаттылығының сұрақтары азая түскен. Мәселен, «Қазақстан тарихы» пәнінің бір нұсқасында 20 тест тапсырмасы болса, оның 1-ден 10-ға дейін – бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары, 11-ден 20-ға дейін – контекстке негізделген тапсырмалар екен. Ал «Оқу сауаттылығы» пәні бойынша ендігі жерде талапкерлерге 3 мәтін бойынша 15 тест сұрағы берілетін болды. Сонымен қатар, биылғы жылғы ҰБТ тапсырмаларының құрылымында да өзгерістер бар. Мәселен, 1 дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны 5-тен 4-ке дейін, 1 немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмаларында нұсқалар саны 8-ден 6-ға дейін қысқарғалы отыр.

Сондай-ақ, биылғы қаңтарда тапсырған ҰБТ-дан бастап «Информатика мұғалімдерін даярлау», «Ақпараттық технологиялар», «Ақпараттық қауіпсіздік» білім беру бағдарламаларының топтарына түсуге ниет білдірушілер ҰБТ-ны «Математика-Информатика» комбина-

циясы бойынша тапсырса, шығармашылық емтихан тапсырушылар «Қазақстан тарихы» мен «Оқу сауаттылығынан» ғана тест тапсырғалы отыр. Жыл сайын ҰБТ өтетін ғимаатқа күзет күшейіп, ішке алып кіруге болмайтын заттардың қатары да көбейе түсті. Ендігі жерде талапкерлердің сынақ алаңына алып кіруге болмайтын заттарының қатарын смарт көзілдірік, фитнес білезік (трекер), диктофон, А4 форматындағы қағаздар толықтырып отыр.

Бір айта кетерлігі, ҰБТ-да Менделеев және тұздар ерігіштігі кестесін қағаз нұсқада пайдалануға болады. Оқуға түсуші талапкерлер үшін 2023 жылғы шекті балдар белгілі болды. Оқуға түсуші талапкерлер үшін «Құқық» – 75 балл, «Педагогикалық ғылымдар» – 75 балл, «Денсаулық сақтау» – 70 балл, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» – 60 балл болуы шарт. Сонымен қатар, Ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін – 65 балл, басқа оқу орындарының шекті балы – 50 балл болуы керек.

FIRST ROBOTICS

РОБОТТЕХНИКА

күн санап дамып келеді

Астана, Алматы, Шымкент және Орал қалаларында дүниежүзілік FIRST Robotics қозғалысы аясында іріктеу ойындары өткен еді. Аталмыш сайыс Оқу-ағарту министрлігі мен USTEM Robotics қоғамдық қорының қолдауымен өтті. Іріктеу чемпионаттарына екі мыңнан астам оқушы қатысты.



Қазіргі қоғамда күн сайын сан түрлі жаңалық орын алып, жаңарып жатыр. Әсіресе, соңғы кездері біздің өмірімізге етене араласып, орын алған роботтарды бағдарламалау мен құрастырудан бөлек, ендігі жерде балалар инновациялық жобалармен де айналыса бастады. Биылғы өткізілген сайыс энергия тақырыбы аясында өткізілді.

Өйткені, бұл дүние жүзінің назары ауып отырған мәселе. Сонымен, сайыс ережесіне сай өңірлік кезеңге өту үшін әрбір команда әлеуметтік желілерде көптеген тапсырмаларды орындап, түрлі энергетикалық станциялардан репортаждар жасап, сарапшылардан сұхбат алды.


Сондай-ақ, оқу орындарында шеберлік сабақтарын да өткізді. Әртүрлі тақырып-

тағы маңызды мәселелерді көтерді. Осы сайысқа қызығушылық танытсаңыз, сізге бұл еңбектерді #FIRSTKZ2023 хэштегі арқылы Instagram желісінен көріп, тамашалауға болады. Ал Астанада ақпанның 24-26 аралығында өтетін Ұлттық кезеңнің жеңімпаздары Американың Хьюстон қаласында өтетін халықаралық чемпионатқа қатысып, ел намысын қорғайтын болады.

Жалпы, біздің елімізде роботтехника саласы жан-жақты дамып келеді. Жастардың қызығушылығы артып, бұл саланы дамытуға белсене атсалысып жатыр. Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстанда 3 мыңнан астам роботтехника кабинеті ашылса, екі мыңнан астам мұғалім роботтехника курстарынан өтті.

ЖОБА

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында 5–8, 10-сыныптарда қазақ тілі бойынша емтихан енгізіледі.



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

5–8 және 10-сыныптарды аяқтаған оқушылар қазақ тілінен емтихан тапсыратын болады

Тіліміздің мәртебесін айқындау үшін тағы да бір жақсы қадам жасалып отыр. Алдағы оқу жылынан бастап 5–8 және 10-сыныптарды аяқтаған оқушылар қазақ тілінен емтихан тапсыратын болады.

2023-2024 оқу жылынан бастап 5–8-сыныптар мен 10-сыныпты аяқтаған оқушылар қазақ тілінде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен, басқа тілдерде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен емтихан енгізіліп отыр. Қазақ тілі бойынша емтихан оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы бойынша

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес, жазбаша және ауызша өткізіледі.

Емтиханды өткізу уақыты білім беру ұйымының педагогикалық кеңесі белгілеген шешімге сай өтеді. Тапсырмаларды барлық академиялық адалдық талаптарын сақтай отырып, педагогтар құрастырса, оны білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді. Сонымен, мұндай өзгерістер қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталаып, 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ТІЛ – ТҰҒЫРЫҢ!



«ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНГІМІЗ КЕЛЕДІ»

Қаламыздағы М.Базарбаев атындағы №138 гимназияда Саха Республикасының Якутск қаласынан келген Далан Никитин 2 «Ә» сыныбында, Даяна Никитина мектепалды дайындық тобында оқып жатыр.

Бұл балалардың ата-аналары кіндік қаны тамған Отанынан жырақтап, осында қоныс аударған екен. Осында қалып, тұрақтап тұру үшін келген. Қазақ топырағын мекен етуді таңдаған отбасы ең алдымен сол елдің тілін білуді міндет деп санайды. Сондықтан балаларының да мемлекеттік тілді үйренгенін қалап, қазақ мектебіне берген көрінеді.

Бір қараған жан түрлері де, тілдері де

қазақша Никитиндерді бурят деп ойламайды. Отағасы Дмитрий Никитин қазақша тәп-тәуір сөйлейді. Балаларымен де отбасында қазақша сөйлеседі екен.

«Ондағы ойым – балаларым қазақшаны тез үйреніп алса деймін. Қазақ әріптері саха әріптеріне ұқсас. Оқып үйрену еш қиындық туғызып жатқан жоқ. Бауырлас халықпыз ғой, түріміз де келіңкірейді. Әрі бұл мектеп балаларыма ұнайды. Ұстаздары да сондай мейірімді жандар екен», – деген Дмитрий қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпынан да хабардар екенін айтады. Ал Далан мен Даяна болса сыныптастарымен тез тіл табысып, достасып кеткен. Оларға асхананың дәмді асы ерекше ұнайды екен.

«Қазақша үйренуімізге достарымыз көмектесіп жатыр», – дейді қазақша жарыса сөйлеген Никитиндер.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ЖЕҢІЛДІКТЕР ДЕ БАР

Биылдан бастап шетел асып, білімін тереңдеткісі келетін жастар – «Болашақпен» тағылымдамадан өтушілер конкурсына қатысу үшін шет тілінен тапсырған сынақтың сертификатын ұсынуы керек. Бұған қоса, үміткерлердің жұмыс өтілі үш жылдан кем болмауға тиіс.

Сонымен қатар, соңғы 12 айда таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істегені де қабылдау ережесіне сай саналады. Шетелдік ұйымнан шақыруды, кемінде

В1 деңгейіндегі мемлекеттік тілден емтихан тапсырғаны туралы сертификатты да тапсыруы керек.

2023 жылдан бастап инженерлік-техникалық қызметкерлер мен медициналық мамандарға «Болашақ» халықаралық стипендиясының іріктеуіне жеңілдікпен қатысуға болады. Стипендияны жеңіп алғаннан кейін-ақ оқу орнын өздері таңдай алады. «Болашақ» стипендиясына үміткерлер енді қазақ тілінен онлайн тест тапсырып, «Qazaq resmi test» сайтынан жүктеліп алынған ресми сертификатты табыстайды.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР



ТАҒДЫРЫ ТАРИХ ТҰЛҒАЛАР

СҰЛТАН БЕЙБАРЫС – ҰЛЫ ДАЛА АЙБАРЫ

Биыл Мысырда мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының тумасы Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойы аталып өтеді.

Осынау мерейтойға дайындық өткен жылы басталып кеткен еді. Екі елге ортақ тұлғаны Мысыр мен Қазақстан бірдей ұлықтап, бұл іс-шараны лайықты атап өтуге әзірлік жасап жатыр.


Өткен жылдың қыркүйегінде Ақордада Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әл-Азһар университетінің Жоғарғы имамы Ахмад ат-Тайебті қабылдаған болатын. Кездесу барысында Мемлекет басшысы келесі жылы Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толуына орай мерейтойға дайындық аясында Қазақстан тарапы Каирдегі Сұлтан Бейбарыс мешітін қайта жөндеуге үлес қосатынын айтты. Сондай-ақ, Әл-Азһар университетінде Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция өткізілмек. Каир халықаралық қазіргі заманғы эксперименталды театр фестивалі шеңберінде Рақымжан Отарбаевтың «Сұлтан Бейбарыс» спектаклі сахналанады. Мысыр тарихының мәмлүктер дәуіріне арналған араб және қазақ тілдеріндегі энциклопедиясын жарыққа шығару да жоспарда бар. Мысырда Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдық мерейтойына арналған пошта маркалары шығарылады.

Қазір Қазақстан қалаларының біріне, елдімекендердің көшелері мен алаңдарына, спорт сарайларына Сұлтан Бейбарыс есімін беру қарастырылып жатыр. Астана, Алматы, Атырау, Ақтау, Тараз, Түркістан қалаларында мәмлүктер дәуірі туралы сыр шертетін Каирдің Ислам өнері музейінің жылжымалы көрмесі ұйымдастырылады.

Таяуда Қазақстанның Мысырдағы елшілігі Бейбарыс сұлтанның мерейтойына қатысты нақты іс-жоспарлар жасалғаны туралы хабарлады. Бұған дейін сенатор Нұртілеу Жүсіп Үкіметті Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығын жоғары мазмұнды деңгейде өткізуге шақырған болатын.

Мысыр тарапы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне мәмлүктер дәуіріндегі жәдігерлердің жоспарланып отыр. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде «Атлах-Талас шайқасынан Айн Жалұт шайқасына дейінгі кезең» атты Орталық Азия және араб тарихшыларының ғылыми симпозиумын өткізу де атқарылатын шаралар тізімінде. 2023 жылдың шілде айының бірінші жексенбісінде, яғни Домбыра күнінде «Сегіз ғасыр жырлайды» атты мәдени іс-шара ұйымдастырылып, жыршылар мен мысырлық ауыз әдебиеті майталмандарының даңқты Сұлтан Бейбарыс пен басқа мәмлүктер туралы «Батырлар жыры» фольклор кеші өтеді.

Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы шеңберінде көкпар, бәйге, жамбы ату, қазақша күрес, құсбегілік, асық, аударыспақ секілді көшпелілердің ұлттық ойындарының халықаралық турнирлері ұйымдастырылмақ. Халықаралық түркі мәдениеті ұйымының қолдауымен Түркістан қаласындағы тарихи-мәдени алаңда «Сұлтан Бейбарыстың Ұлы далаға оралуы» атты арт-фестиваль өткізу де жоспарға енді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚҰЛДЫҚТАН – МЕМЛЕКЕТ БИЛЕУШІСІНЕ ДЕЙІН

Сұлтан Бейбарыс (1223–1277) – түркі әулеті Бахриден шыққан мәмлүктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оны тарихи шығармаларда Бейбарыс, Бибарыс деп те атайды. Шыққан тегі – қыпшақ. Кейбір деректерде оны Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулерде Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екені анықталды. Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп, олардың нақты есімдерін атап көрсеткен. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген, Алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсінген.

Бейбарыс Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукдаридің атымен әл-Бундукдари деген есімге ие болды. Кейін Бейбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сұлтаны Салих Нажумиддин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп, ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді қабылдайды. Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді.

Египеттің жаңа сұлтаны Муиззэддин Айбек Айюби әулетінің соғыс бастаған кезде Бейбарыс бас сауғалап, Сирияға қашып кетеді. Мәмлүктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады. Мұнда таққа жаңа отырған Мұзаффар Сайфулдин Құтұз сұлтан оны әскеріне басшы етіп, Сирия жеріне ішкерлей кірген моңғолдарға қарсы күреске аттанады. Айн-Жалут түбіндегі шайқаста мәмлүк қолы моңғолдардың тас-талқанын шығарады. Осы соғыста Бейбарыс ержүректілігімен айрықша көзге түседі. Бірақ Құтұз, неге екені белгісіз, басқаларға сый-сияпат жасап, Бейбарысты елеусіз қалдырады. Осыған өкпелеген Бейбарыс өзіне ниеттес адамдармен келісіп, Каирға қайтар жолда Құтұзды өлтіреді. Жақтастары Бейбарысты Египеттің сұлтаны деп жариялайды. Сөйтіп, ол әл-Мәлік әз-Заһир Руки-әд-Дүние вә-д-Дин Бейбарыс әл-Бундукдари әл-Салихи деген есіммен Египеттің тағына отырады. Билік басына келісімен Бейбарыс бар күш-жігерін крест жорығына қарсы шабуылға жұмсайды. Негізгі шабуыл 1265 жылы басталып, крест тағушы франктердің қамалдары бірінен кейін бірі алынады. Бұдан кейін Кіші армения патшалығына (1267 ж.) Кіші Азия селжұқтарына қарсы жорықтар жасап, берберлерді бағындырады.

Жазба деректерге қарасақ, Бейбарыс 1223 жылы моңғолдар ойрандаған Дешті Қыпшақ даласында дүниеге келген. Жетім қалған жас бала өзге де тұтқындармен бірге мысырлық сол кездегі курд текті сұлтаны Салих Наджм ад-Динге сатылған. И.М.Фильштинский еңбектеріне қарағанда жас батыр әуелі Сириядағы әскери мектепте оқығаннан кейін

мәмлүк жасақтарына жазылады. Әл-Мансур деген жерде болған алғашқы шайқаста-ақ ол ерлігімен көзге түскен.

Крест тағушыларды талқандағаннан кейін Бейбарыс өзінің, негізгі қарсыласы Туран шаһ пен бақталасы Құтұзды да тақтан тайдырған. Бейбарыс үкімет басына келген тұс моңғолдардың 1258 жылы Бағдатты қиратып, Аббастан тараған халифалар әулетінің бірқатарын дарға асып үлгерген кезі болатын. Солардың тірі қалған біреуі соңынан Шамға қашып кеткен. Оны сол жерден Бейбарыс Мысырға алдырып, 1261 жылы әл-Мустансир деген атпен халифа етіп жариялаған. Сол жаңа халифаның қолынан өзі де сұлтан лауазымын алған.

Бейбарыс енді Машриқ елдерін жаулап алып, Мысырға ұмтылған моңғолдардың тас-талқанын шығарған. Әскер ішінде темірдей тәртіп орнатқан.

Бейбарыс медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Бейбарыс мешіті» деп аталады. Жат жұрттардағы қыпшақ әдебиетінің бүкіл Шығыс елдеріне кең тараған туындысы – қазақ сахарасының перзенті қыпшақ Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс жайлы қиссалар.

Осы қыпшақ батыры тұсында Мысырдың егін шаруашылығы мықтап дамыған. Суландыру жүйелері жөнделіп, қалпына келтірілген. Қыпшақ текті көптеген әскербасыларға Сирия мен Египеттен жер бөліп берілген. Бейбарыс басқарған жылдары Мысыр өте тез дами бастады. Египеттің әл-Искандария (Александрия), Дамиятта, Әл-Қаһира (Каир) секілді қалалары ірі-ірі сауда орталығына айнала бастаған. Сауданың өсіп-өркендеуіне Бейбарыс та барынша жағдай жасауға тырысқан. Мұнда Венеция Сицилия, Генуя, Индия, Орта Азияның сауда керуендері мен кемелері соқпай кетпейтін. Сол үшін де қыпшақтар олардан көп заттар алатын.

Бейбарыс ойлы да кемеңгер мемлекет қайраткері, батыр да жігерлі қолбасшы болған. Әуелі ол елдің әл-ауқатын көтерді. Мұсылман текті халықтардың ежелгі жауы – крест тағушыларды талқандады. Моңғолдарды Мысырға қарай қия бастырмаған. Жастайынан жат елге құл болып сатылып барса да, тектілігін танытып, қажымас қайраттың, мұқалмас жігердің үлгісін көрсетіп, билік басына көтерілген мәмлүк қыпшақтардың рухы тек арада жеті ғасыр өткенде ғана Бейбарыс деген есіммен атамекеніне оралды.

Қазір өзінің кіндік қаны тамған жерінде – Жайық өзенінің жағасындағы Атырау қаласында биік тұғырға орныққан Бейбарыстың ескерткіше айналған алып тұлғасы тәуелсіз елдің айбарындай асқақ.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.

(Дереккөз malimetter.kz.)



ТЕННИС



СӘТТІ КҮНДЕР АЛДА

Australian Open–2023 финалында әлемнің 25-ші ракеткасы, қазақстандық Елена Рыбакина әлемнің бесінші ракеткасы беларусь спортшысы Арина Соболенкомен күш сынасты.

Ұлттық Олимпиадалық комитеттің дерегінше, кездесу 4:6, 6:3, 6:4 есебімен Соболенконың пайдасына аяқталды. Теннисшілер кортта 2,5 сағатқа жуық уақыт өткізді.

Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов Рыбакинаның турнирдегі өнеріне қатысты пікір білдірді.

«Еленаға жоғары деңгейдегі ойыны үшін алғыс айтқым келеді, бұл біздің елде теннистің табысты дамуының дәлелі. Australian Open турнирінде финалға шығу – класстың жоғарылығы мен тұрақтылықтың белгісі. Турнир барысында Елена әйелдер теннисінен әлем көшбасшысы Ига Швентекті және TOP-20 рейтингіндегі басқа да мықты қарсыластарды

жеңді. Олардың үшеуі бірден «Үлкен дулыға» жеңімпаздары. Еленаның әртүрлі жабынды түрлерінде өзін сенімдірек сезінетінін, қарсыластарына байланысты тактиканы сауатты құрастырып, ойын жетілдіретінін байқауға болады. Жылдың осындай сәтті басталуы Еленаның 2023 жылы жеңіске жетуіне ынталандыру болады деп сенемін», – деді Б.Өтемұратов.

Австралияның ашық чемпионатының финалына шығуының арқасында Рыбакина дүйсенбіден бастап әлемдік рейтингтің алғашқы ондығына кіретініне кепілдік берді. Мельбурндағы өнері үшін Елена 1300 рейтингтік ұпай мен 1,12 миллион доллар сыйақы алады.

БІЗДІҢ САРЫ ҚЫЗ

әлемді шарлап,
өз мықтылығын дәлелдеуде

